

- 1 - наурыз Алғыс айту күні



АЛҒЫС-адамның адамға
жасаған жақсылығы, көмегі,
көңілі үшін ризашылық біл-
діруі, сондай-ақ оның ойы мен
іс-әрекетіне, жасаған істеріне
жоғары баға беруі.

ZHARAR
WWW.ZHARAR.COM

Ризашылық-адамның
басқа адамнан көрген
жақсылығы, көмегі, кө-
ңілі үшін қанағаттану-
шылық және алғыс
білдірушілік сезім.

ZHARAR

WWW.ZHARAR.COM

- Бүгін – Алғыс айту (Thanksgiving Day) күні. Күннің халықаралық дәрежесі жоқ, мұны АҚШ және Канада халықтары қараша айының әрбір төртінші бейсенбісінде атап өтеді. Көз алдыңызға америкалық бақытты отбасылардың дастарқан басына жиналып, дәмді бәліштер мен күрке тауық етін жеп отырған сәті келді ме? Алайда, бұл мереке дастарқанмен ғана шектелмейді. Мерекенің ешбір дінмен байланысы жоқ, адамдар тек қана әрбір күн сайын не үшін рақмет айту керек екендігін ойланады. Атаулы күн алғаш рет 1621 жылы ағылшындық колонистердің бастамасымен тойланған. Қыс мезгілі өте ауыр болып, адамдар аштыққа ұшырағандықтан губернатор Уильям Брэдфорд қол астындағылардың көңіл-күйін көтеру үшін Алғыс айту күнін белгілейді. Айналадағы басқа да көршілер бұл дәстүрді жылы қабылдап, қаһарлы қысты аман-есен өткереді. Рақмет айту күнінің басты нышандарының бірі – түйе тауық. Себебі, ағылшындық колонистер мерекені алғаш тойлағанда орманда атылған төрт түйе тауықты жеген екен. Кейіннен, яғни, 1789 жылы Джордж Вашингтон Рақмет айту күнін "Ұлттық мереке" деп жариялайды. Бұл күні барлық отбасы міндетті түрде дастарқан басына жиналып, туыстарына жақсылық жасауға асығады, жақындарын қуанту үшін түрлі тосын сыйлар ойлап табады. Қаладағы метроларда ерекше үстелдер орнатылып, адамдар ақша, азық-түліктерін қайырымдылыққа әкеліп қояды. XVII ғасырдан келе жатқан әр түрлі киімдерді киген тұрғындар шеруге шығып, думанды кештер ұйымдастырады.



КІМ АЛҒЫСҚА ЛАЙЫҚ?

- КІМ АЛҒЫСҚА ЛАЙЫҚ? Анаға – өмір сыйлағаны үшін Әкеге – қорған болғаны үшін
- Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін
- Сөзге – жанды жылытатыны үшін
- Күнге – шуағы мен назары үшін
- Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін
- Досқа – құшағы мен иығы үшін
- Әжеге – ыстық алақаны үшін
- Суға – тіршілік көзі болғаны үшін
- Отқа – жылулығы үшін
- Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін



- Топпен жұмыс

- I - топ: Мұғалімнің және сыныптастарының қыз баланы туған күнімен құттықтау сәтін сахналау

- II - топ: Сендер қандай жағдайда риза боласыздар?

- III - топ: Ризашылықты қандай жолдармен білдіруге болады?

